

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV UNIVERSITY

**МЕТАЛЛУРГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК
ИНЖЕНЕРИЯ ИНСТИТУТЫ**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР ЖӘНЕ
ЖАБДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ**

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.,

ассоц. профессор

_____ К.К. Елемесов

«25» мамыр 2020ж

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «У8-6МА2 бұрғылау сорабтарын жөндеудің технологиялық жүйесін жасау»

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

Орындаған:

Шапенов Тлек Орынбекович

Ғылыми жетекші

профессор: Карманов Тогыс Досмурзаевич

Алматы 2020

Satbayev University

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Технологиялық машиналар және жабдықтары кафедрасы

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл канд.,

ассоц. профессор

К.К. Елемесов

«28» қаңтар 2020 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Шапенов Тлек Орынбекович

Тақырыбы У8-6МА2 бұрғылау сорабтарын жөндеудің технологиялық жүйесін жасау

Университет басшысының "27" қаңтар 2020 ж. № 762-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «01» маусым 2019ж.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Бұрғылау қондырғыларының айналым жүйесі жабдығы туралы түсініктеме беру;

б) Екіцилиндрлі бұрғылау сорабының тағайындалуы;

в) Екіцилиндрлі бұрғылау сорабының конструкциясы;

г) У8-6МА2 сорабының гидравликалық және жетек бөлігі;

д) Сорап бөлшектерінің тозу сипаты және дайындау материалдары;

е) Сораптарға конструкциялық есептеулер.

Сызба материалдар тізімі (5 парақ сызбалар көрсетілген)

1. Сораптың жалпы көрінісі; 2. Жинақ сызбасы; 3. Бөлшек сызбасы;

4. Бөлшек сызбасы; 5. Экономикалық кесте.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 15 атау

АҢДАТПА

Дипломдық жобада – бұрғылау сорабын жөндеу технологиясы қарастырылды. У8-6МА2 типті қосәрекетті екі поршеньді сорабың технологиялық көрсеткіштері көрсетілген. Сорап негізінен аз қысымда жұмыс жасауға арналғандықтан, оның өзге екі поршеньді сорабтардан айырмашылығы туралы айтылған. Есептеу бөлімінде берілген бұрғылау сорабының ерекшелігін ескере отырып, қажетті конструкциялық есептеулер жүргізілген. Дипломдық жоба жабдыққа қатысты кестелер, суреттер және сызбалармен толықтырылған.

АННОТАЦИЯ

В дипломной работе было рассмотрено технология ремонта бурового насоса. В проекте указаны основные технологические характеристики насоса двойного действия двойного У8-6МА2. Поскольку насос в первую очередь предназначен для работы при низких давлениях, он отличается от других двухпоршневых насосов. Необходимые структурные расчеты были выполнены в расчетном разделе с учетом специфики бурового насоса. Дипломный проект дополнен таблицами, рисунками и чертежами, относящимися к оборудованию.

ANNOTATION

In the thesis, the technology of repairing a mud pump was considered. The project indicates the main technological characteristics of the double-acting pump type U8-6MA2. Since the pump is primarily designed to operate at low pressures, it differs from other twin-piston pumps. The necessary structural calculations were performed in the calculation section, taking into account the specifics of the mud pump. The graduation project is supplemented with tables, figures and drawings related to equipment.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5
1 Техникалық бөлім	6
1.1 Бұрғылау қондырғыларының айналым жүйесі жабдығы	6
1.2 Екіцилиндрлі бұрғылау сорабының тағайындалуы	7
2 Арнайы бөлім	10
2.1 Екіцилиндрлі бұрғылау сорабының конструкциясы	10
2.2 У8-6МА2 сорабының гидравликалық бөлігі	10
2.3 У8-МА2 сорабының жетек бөлігі	15
2.4 Бұрғылау сорабын монтаждау	20
2.5 Сорап бөлшектерінің тозу сипаты	22
2.6 Екі поршеньді сорапты күрделі жөндеу	24
2.7 Кәсіпорында бөлшектерді жуу тәсілдері	25
2.8 Бұрғылау сораптарының негізгі бөлшектерін жөндеу әдістері	27
2.9 Жөндеуден кейін сорғыларды құрастыру, өңдеу және сынау	27
3 Есептеу бөлімі	30
3.1 Сораптарға конструкциялық есептеулер	30
Қорытынды	
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	

КІРІСПЕ

Әлемдік нарықта мұнайға сұраныстың өсуіне байланысты, мұнай-газ шикізатын өндіру көлемі жыл сайын қарқындап өсіп келе жатыр. Мұнай және газ кеніштерін игеру және ұңғымаларды пайдалану жағдайлары түрлі болғандықтан, сораптарға қойылатын талаптарда өте жоғары. Бұл жағдайлар қоршаған ортаны және жер қойнауын қорғау, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау заңдарымен де қатал қадағалануы тиіс.

Жұмыстың қарапайымдылығы мен сенімділігінің арқасында поршеньді сораптар мұнай, газ және мұнай – химия салаларында кеңінен қолданылады. Олардың барлық негізгі технологиялық процестері әртүрлі сұйықтықтарды мұнай, мұнай өнімдерін, сұйытылған газдарды, суды, сазды ерітінділерді, химиялық реагенттерді және т. б. құбыржолдар арқылы айдауға байланысты. Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылауда поршеньді сораптар ерекше қолданылған. Олар ұңғымада сазды ерітіндінің немесе судың айналымын жасау үшін қолданылады. Мұнайды өндіруде поршеньді сораптар негізінен ұңғымадан мұнайды алу, су айдау және құбыржолдар арқылы жоғары тұтқыр мұнай айдау, қабаттардың гидравликалық жарылуы, қабатқа суды айдау үшін пайдаланылады. Мұнай өнеркәсібінде сораптар көптеп қолданылуы, олардың техникалық-экономикалық көрсеткіштерін одан әрі жақсарту мұнай өнеркәсібінің негізгі проблемасы болып қала береді. Жұмыс кезінде пайдалы әрекеттің жоғары коэффициентін сақтау немесе қарастырылып отырған гидравликалық машиналардың белгіленген қуатын толық пайдалану қызмет көрсетуші персоналдың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Ол сорғыларды пайдалану теориясы мен ережелерін жақсы білгенде ғана орындалуы мүмкін.

1 Техникалық бөлім

1.1 Бұрғылау қондырғыларының айналым жүйесі жабдығы


Бұрғылау сораптары мен циркуляциялық жүйесі келесідей функцияларды орындайды:

- бұрғылау процесінде ұңғымада айналымды қамтамасыз ету үшін бұрғылау колоннасына бұрғылау ерітіндісін айдау және өнімді алу мақсатында ұңғыманы мен қашауды жуу, тау жыныстарынан тазалау, аварияларды жою және ерітіндінің құбыр сырты кеңістігіндегі жылдамдығын арттыру;

- тау жыныстарынан өту және ұңғыманы тазалау мақсатынды ерітіндінің ұңғымадан өту жылдамдығын (180 м/с дейін) арттыру үшін қашауға гидравликалық қуат беру;

- энергияны гидравликалық забойлы қозғалтқышқа жалғау;

- 1-суретте бұрғылау ерітіндісінің айналымы және оның тереңдігі 3000 м ұңғыманы роторлы әдіспен бұрғылау кезіндегі айналым жүйесіндегі жекелеген элементтердегі арынның шығынын бөлу сұлбасы келтірілген [1].



1 - бұрғылау сорабы; 2 - стояк; 3- рукав; 4 - вертлюг; 5 - жетекші құбыр; 6 - ұңғыма; 7- бұрғылау колоннасы; 8 - құбыр сырты кеңістігі; 9 - қозғалтқыш; 10 - қашау; 11 - ерітінді айдау құрылғысы; 12 - тазалау блогы; 13 - резервуарлар; 14 - тіреуіш сорап; 15 - амбар; 16 - араластырушы құрылғы.

1 Сурет – Бұрғылау ерітінді циркуляциясы кестесі

Бұрғылау барысында көп жағдайда ерітінді тұйық контурмен айналады. Резервуардан 13 тазаланған және арнайы дайындалған ерітінді тіреуіш сорғыларға

14 келеді, сорғыдан шыққан ерітінді бұрғылау сорабына 1 барады. Бұрғылау сорабы үлкен қысымда (30 МПа дейін) айдау желісімен, стояк арқылы 2, айдайды. Резервуардан 13 тазаланған және арнайы дайындалған ерітінді тіреуіш сорапқа 14 түсіп, одан әрі бұрғылау сораптарына 1 жалғанады. Бұрғылау сораптары ерітіндіні айдау желісі арқылы үлкен қысымда (30 МПа-ға дейін) айдайды. Айдау желісіне стояк 2, икемді жең 3, вертлюг 4, жетекші құбыр 5 арқылы ұңғыма сағасына жетеді. Сорап қысымының бір бөлігі жерасты кедергілерін жоюға кетеді. Әрі қарай бұрғылау ерітіндісі бұрғылау колоннасы арқылы қашауға жетеді. Қашауға дейін бұрғылау ерітіндісі бұрғылау құбыры, УБТ және забойлы қозғалтқыш арқылы өтеді. Атап өтілген жолда бұрғылау ерітіндісінің қысымы гидравликалық кедергілерден өту жолындағы жұмсалған энергияға байланысты төмендейді [1].

Ұңғыма сағасына кктерілген пайдаланылған ерітінді айдау құрылғысы арқылы тазалау блогына 12 жетеді. Тазалау блогынан амбарға 15 қашалған тау жыныстары бөлінеді, мысалға құм, газ немесе ил және де басқа да қоспалар резервуарға 13 түседі. Араластырушы құрылғы 16 ерітіндінің параметрлерін қайта өңдеп тіреуіш сорапқа қарай жібереді.

Айдау желісі жоғары қысымды құбырдан тұрады. Оның бойымен ерітінді сораптан стоякқа және икемді жеңге, стоякқа жалғанған вертлюгқа барады. Арынды желі ысырма және бақылау-өлшеу құрылғысымен жабдықталады. Суық климатты жерлерде жұмыс істеу үшін құбырларды жылыту жүйесі қарастырылған.

Төгу жүйесі тазалауға және бұрғылау ерітіндісін дайындауға арналған құрылғылармен жабдықталады, Сонымен қатар резервуар, сору желісі, фильтр, айдау орталықтан тепкіш сорғылармен, задвижка және ерітінді сақтайтын қойма дайындауға өз көмегін тигізеді. Айналмалы жүйенің жер беті бөлігінің схемасы 2-суретке сәйкес көрсетілген.


1.2 Екіцилиндрлі бұрғылау сорабының тағайындалуы

Ұңғыма забойын бұрғыланған тау жыныстарынан тазалау үшін бұрғылау сорабынан және айдаушы құбырдан тұратын гидравликалық жүйемен жинақталады, Айдаушы құбыр бұрғылау ерітіндісін жинақтаушы қондырғы болып табылады. Бұл жүйеде бұрғылау сораптары қозғалтқыш жетегінің механикалық жұмысын бұрғылау ерітіндісінің, яғни қашалған тау жынысы көлемін жер бетіне шығару ағынын гидравликалық энергияға алмастырушы болып табылады.

Гидравликалық энергияның шығыны бұрғылауда өте үлкен және ұңғыма тереңдеген сайын олардың өсу үрдісі байқалады. Бұрғылау сораптары – бұрғылаудағы ең басты тұтынушысы болып табылады және олардың жетек қуаты 190-1250 кВт болады [2].

Бұрғылау технологиясы бұрғылау ерітіндісінің циркуляциясын тоқтатуға мүмкіндік бермейді, сондықтан жұмыстың сенімділігін қамтамсыз ету үшін екі бірдей сорап қарастырылады, оның біреуі қосымша болып табылады. Забойлы

қозғалтқышпен терең бұрғылауда екі сорап параллель қосылып жұмыс жасайды. Бұл жағдайда қосымша үшінші сорап орнатылады.



1 - стояк; 2 және 15 – тарату құрылғысы; 3, 4, 5, 6, 19, 20, 23 және 24 – задвижки; 7 - манометр; 8 - сақтандырғыш; 9, 11, 12, 21 және 22 – отводтар; 10 - жылдамқосылғыш құрылғы; 13 - шығын өлшегіш датчигы; 14 - құбыр; 16 - ниппель; 17 – төртклапанды кран; 18 және 30 - кері клапан; 25 және 27 – құю және тарату құбыры; 26 – ерітінді дайындау блогы; 28 – ерітінді резервуары; 29- құйма науасы; 31- тізбек басы; 32 - крестовина; 33 - бұрғылау колоннасы; 34 - бұрғылау рукавы; 35- вертлюг.

2 Сурет – Бұрғылау қондырғысының айналмалы жүйесі

Бұрғылау сораптары өте қиын жағдайда пайдаланылады. Олар өте тұтқыр ерітінділерді айдайды, көп жағдайда балшық-сулы қоспалардан және гематит пен баритті қоспалармен күрделенілгендіктен ерітінділер. Ерітінділер 2%-ға дейін абразивті бөлшектерден, яғни тау жыныстарынан тұрады және 40-70°C температурада сораптармен айдайды. Сулы ерітінділер бұл температурада коррозияға бейімдірек болып келеді. Одан бөлек, олар белсенді химиялық реагенттер болады: әк, каустикалық сода, илеу қышқылдары, тұз және де басқалары.

Бұрғылау сорабы өзісортғыш және 2-3 м биіктікте тұрақты жұмыс жасауы тиіс. Ол аз уақыт ішінде ұңғымадағы сальник пен пробкаларда қысымды арттырып отыруы керек; конструкциясы бойынша қарапайым болуы тиіс; эксплуатация кезінде

сенімді әрі ыңғайлы болуы тиіс, цилиндрлі төлкені, штокты, клапандарды, сальник және де өзгеде тез қозатын бөлшектерді тез ауыстыруға икемділігі;

Сорап ресурсы 10 мың сағаттан кем болмауы керек, ад конструкциясы ұңғымада беріліс пен қысымды 2-3 рет көтеріп-түсіруді қамтамасыз ете алуы керек. Сорғы жетегі дизель, электроөзғалтқаш және топтық жетектен әмбебап болуы тиіс.

Бұрғылау сораптары берілістің біркелігін қамтамасыз ете отырып, эксплуатация кезінде қауіпсіз және жөндеуге ыңғайлы болуы керек. Бұрғылау сорабы әдетте бұрғылау қондырғылары ішіндегі ең ауыр агрегат болып табылады. Қазіргі заманауи берік сораптар салмағы 50 тонна, сондықтан оның конструкциясы көлік тасымалына, сондай-ақ кәсіп аумағынан алшақ жерлерде тасымалдануы тиіс.

Қарапайым жағдайда тез қозатын бөлшектердің орта есеппен жұмыс жасау уақыты келесідей:


- поршень 100-200 сағат;
- шток 150-200;
- цилиндрлі төлке 200 – 300;
- клапандар 300-400.

Алайда бөл бөлшектердің жұмыс жасау уақыты бірнеше сағатқа дейін қысқаруы мүмкін. Сондықтан оларды тез алмастыру, сонымен қатар операция кезіндегі еңбек сыйымдылығы үлкен рөл атқарады [3].

2 Арнайы бөлім

2.1 Екіцилиндрлі бұрғылау сорабының конструкциясы

У8-6МА2 және біртипті У8-7МА2 бұрғылау сораптары бұрғылауда жиі кездесетін сорғылар болып табылады. У8-6МА2 (қарапайым түрі 3-суретке сәйкес) – көлденең, поршеньді, екіцилиндрлі, қосәрекетті, гидравликалық және жетек бөлігінен тұратын, жалпы рамада орнатылған бұрғылау сорабы [4].




1 – станина; 2 – трансмиссионный вал; 3 – кривошипно-шатунный механизм; 4 – штокты майлау жүйесі.

3 Сурет – У8-6МА2 бұрғылау сорабының жалпы түрі

2.2 У8-6МА2 сорабының гидравликалық бөлігі


У8-6МА2 сорабының гидравликалық бөлігі келесідей негізгі тораптардан тұрады: екі құйылмалы болаттан жасалған гидравликалық қорап, бір-бірімен төмен жағынан қабылдау қорабы арқылы, ал жоғарғы жағынан пневмокомпенсатор блогы корпуспен жалғанған.

Қабылдау қорабында сорғыш әуе қалпағы орнатылған. Сорғының қабылдау қорабы айналмалы құбыр мен сорғыш клапандарды жалғайды (4,5 және 6-суреттерге сәйкес).




1 - төлке; 2 – серіпше; 3 – клапан тәрелкесі; 4 – седло жинағы.

4 Сурет – У8-6МА2 сорабының клапан жинағы



1 – клапанды тығыздау; 2 – серіппелі сақина; 3 – сақина; 4 – сыртқы сақина; 5 – седло; 6 – бағыттаушы; 7 – төлке.

5 Сурет – У8-6МА2 сорабының седло жинағы




6 Сурет – У8-6МА2 сорабының клапан тәрелкесі

Гидравликалық қорап ішіне ауыстырмалы цилиндрлі төлке орнатылады (7,8-суреттерге сәйкес), олардың ішкі диаметрі талап етілген қысым мен сораптың

берілісіне байланысты таңдалады. Сыртқы өлшемдері барлық төлкелерде бірдей. Төлкелердің жұмыс істеу арынын арттыру мақсатында оларды термиялық өндеуге жібереді. Сораптың цилиндрлі төлкесін нығыздау цилиндрлі төлкенің буртигі 1 мен шыны 4 арасында екі аралас тығыздауыш 2, болатты сақинамен 3 бөлу жолымен жасалады [5].


Сақина сыртқы және ішкі диаметрлері тесіктермен белгіленеді. Тығыздау тозған жағдайда арнайы тесік A_B гидравликалық қорап ерітіндісі сыртқа ағуы тиіс. Бұл цилиндрлі төлкенің нығыздалуында жіберілген қатені білдіреді.

Цилиндрлі төлкені бекіту шыны 5 және қақпақты 7 гайканы 8 тарту көмегімен жүзеге асады.




7 Сурет – У8-6МА2 сорабының цилиндрлі төлкесін нығыздау

Цилиндрлі қақпақ 7 өзі бекітілетін манжет 6 және 9 көмегімен жасалады. Цилиндрлу төлкенің тығыздауышын тарту 2 болт 10 көмегімен жүзеге асады.



8 Сурет – У8-6МА2 сорабының цилиндрлі төлкесі

Цилиндрлі төлкеде поршеньдер жылжиды (9 сурет). Поршень 13 (7-суретке сәйкес) конусты жырығы бар өзекшеден және оған вулканизацияланған екі резеңкелі манжеттен тұрады.




1 – өзекше; 2 – нығыздауыш.


9 Сурет – У8-6МА2 сорабының поршені П 170-7 (ГОСТ 11267-65)

Шток (10-суретке сәйкес) шток қондырмасымен қосылған (11-суретке сәйкес), оның соңы резьбалы болып келеді және оны ползун корпусына қарай бұрады. Айналым кезінде У8-6МА2 сорабының эксцентрикті білігі шатун арқылы ползун мен поршень штогы қайта айналымға түседі [6].

Штоктың тозу деңгейін арттыру мақсатында олардың жұмыс қабаты жоғары қаттылықта шыңдалады.




10 Сурет – У8-6МА2 сорабының шток поршені



11 Сурет – У8-6МА2 сорабының шток ползуны

Нығыздауыш (12-суреттерге сәйкес) корпуста 4, бағыттаушы төлке 6, тіреуіш резеңке сақинасы 5, төрт нығыздағыш резеңке сақинадан 5, тіреуіш сақинадан 11 және екінші бағыттаушы төлкеден тұрады.




12 Сурет – У8-6МА2 сорабының штогын нығыздау

Бағыттаушы төлкелер және тіреуіш сақина капролиттен жасалады. Тіреуіш сақина 11 төлке 7 мен фланец 9 көмегімен сығылады.

Нығыздауышты тарту жұмыс жасамай тұрған сораптың гайка 10 және шпилька 8 көмегімен орындалады [7].

Штокты нығыздаудың ұзақ мерзімділігін арттыру үшін штоктарды сұйық маймен майлау және салқындату жүзеге асырылады.



13 Сурет – Шток ползунын нығыздау


Гидравликалық қораптың корпуспен 4 герметизациялық қосылысы өзінығыздауыш манжет 1 және резеңкелі сақина 2 көмегімен жүзеге асады.

Сазды ерітіндінің сорғының жетек бөлігіне жібермеу үшін арнайы нығыздауыш құрылғы ойлап табылды (14-суретке сәйкес). Сазды ерітінді шток қондырмасының жетек бөлігіне енгізілуі мүмкін, сондықтан атап өтілген нығыздауыш сальникті типке жатады. Сальник корпусында 2 орналасқан манжеттер 1 фланец 3 көмегімен жоғары көтеріледі. Манжеттер шток жапсырмасына қысылып, сазды ерітіндіні жетек бөлігіне жібермейді. Фланец 3 сорап жұмысы тоқтаған кезде қысылады. Қысылыс сазды ерітіндіні жою арқылы жүзеге асады. Шамадан тыс қысылыс талап етілмейді, себебі одан бұрын манжет жұмыстан шығады.

2.3 У8-МА2 сорабының жетек бөлігі

У8-МА2 сорабының жетек бөлігі түптік білік (15-суретке сәйкес) түйіндерінен, трансмиссионды вал (16-суретке сәйкес), шатунды механизмнен (17-суретке сәйкес) тұрады және құйма шойын станинасында орнатылған.


Түптік вал дәнекерленген құрылым түрінде көрсетілген. Ол екі бірдей эксцентриктен 2, тісті тәж 1 және валдан 3 тұрады. Тісті тәж 1 эксцентрикке 2 пресстелген. Вал төрт конусты подшипникте орнатылады. Подшипниктер станокта 6 орналасқан. Подшипниктер прокладка 5 көмегімен реттеледі. Подшипниктерді майлау серіппелі тавоттармен жүзеге асады [8].



14 Сурет – Трансмиссионды білік

Консистентті майлау подшипниктерге серіппелі тавоттармен 1 беріледі. А қалқымалы подшипнигі кеңеюі үшін жылулық тесігі бар. Трансмиссионды валдың екі жағы да бірдей болып келеді, бұл жетектің оң және сол орналасуымен сорғыны құрастыруға мүмкіндік береді. Біліктің бос бөлігі қаптамамен сақталады. Шкив валдың шетіне шпонка және қос болтпен бекітіледі.

Майланатын бөлігі 15, 16-суреттерге сәйкес рим цифрларымен көрсетілген.



16 Сурет – Ползун

17-суретке сәйкес шатунның сақина бойымен ползунның көлденең қимасы көрсетілген. Шатунның жетекші бастары конусты роліті подшипниктерде


орнатылған, олар эксцентриктерге отырғызылған. Шатунный кіші бастары 3 (17 суретке сәйкес) ползунге 1 цилиндрлік саусақшалар 2 және сырғанау подшипниктері 5 көмегімен жалғанған.

Мойынтіректерді майлау 5 шатунның кіші басындағы тесік арқылы жүргізіледі. Бұл тесікке май майлау камерасы арқылы келеді. Майлау камерасы ползун астына бекітілген корпусқа бекітіледі. Ползунды алмастырушы бөлшек болып жапсырма 4 болып табылады. Ползун корпусы 1 болаттан жасалады, ал жапсырма болса шойыннан жасалады.

Бағыттаушы ползун корпусы жапсырмасы камерада өздігінен ағатын маймен майланады. Бұл камераға майлар тісті беріліс арқылы беріледі. Тісті берілісті қарау және қорапқа май құю арнайы науа арқылы жүргізіледі. Май деңгейін бақылап отыратын май көрсеткіш құрылғы орнатылады. Май құю үшін арнайы резьбалы 75 мм диаметрлі тесік жасалады. Қысты күні майды қыздыру үшін май тұратын қорапқа жылытқыш орнатылады.

Сорғы станинасы өз рамасына сегіз болтпен бекітіледі. Тасымалдау ыңғайлылығы үшін сорғы рамасы салазка түрінде орындалған.


Тұйық типті У8-6МА2 сорабының пневмокомпрессор блогы (18-суретке сәйкес) құбырдағы қысым тербелісінің көлемін төмендетуге арналған. Ол корпустан 5 тұрады. Корпусқа бөлгіші бар үш бірдей ауа қалпақшасы болады. Әрбір қалпақша көлемі 17 дм³. Әуе қалпақшасы қалпақшадағы газ қысымын және сақтандырғыш клапан 4 бақылайтын құрылғысы 2 бар.



17 Сурет – У8-6МА2 сорабының пневмокомпенсатор блогы

Әуе қалпақшасы перфорацияланған құбыр және резеңкелі баллоннан тірады. Қалпақша корпусы перфорациялық құбырға сүйене отырып, пневмокомпенсатор

блогынының фланец корпусына шпилькамен бекітіледі. Резеңкелі баллонның фланецін қысу нәтижесінде баллон мен қалпақша арасындағы қуыс герметизацияланады. Сығылған ауаны немесе қалпаушаның жоғарғы бөлігіндегі газды шығару үшін тығындар 13 бар.



1 - гайка; 2 – әуе қалпақшасы блогының фланец корпусы; 3 - шпилька; 4 – перфорацияланған құбыр; 5 – резеңкелі баллон; 6 – қалпақша корпусы; 7 - тығын; 8 - вентиль; 9 – нығыздауыш

18 Сурет – Бөлгіші бар пневмокомпенсатор

Әрбір қалпақша корпусында вентиль 1 бар, вентильге қалпақтардың газ қуысындағы газ қысымын бақылауға арналған құрылғы жалғанады. Осы құрылғы көмегімен қалпақшаға газ толтырылады. Қалпақша 6 шешіледі де, келтекұбырдың бұрандалы ұшында жоғары қысымды шлангтың қисық гайкасы 7 оралады, екінші ұшы газбен сығылған баллонға қосылады. Пневмокомпрессорды газбен толтыру үшін тығынды 13 бұрайды да қалпақшаның газ қуысына 100-150 см³ су толтырылады. Су – қалпақшадағы газ қуысының герметизациясын сенімді етеді [9].

Пневмокомпенсатор блогы корпусына сақтандырғыш клапан бекітіліп, мембранамен жабылған өту тесігі Л62М маркалы жезден дайындалады. Оның қалыңдығы 0,8-1 мм. Мембранаға 8 ауысым сақинасы 9 және құбыр 10 мен гайка 12 тіреледі. Мембрана мен фланецтің герметикалық жалғануы резеңкелі сақина 11 арқылы жүзеге асады. Өндіруші завод ауыстырғыш сақиналар жиынтығын 9 жеткізеді. Бұл жиынтықтағы сақиналардың ішкі диаметрлері әртүрлі болып келеді. Әрбір ауысымды цилиндрлі төлкеге, демек жұмысшы қысымға да белгілі бір ауыстырғыш сақина дәл келеді. Бұл сақиналар маркаланады. Сақина маркасы оның жұмысшы қысым деңгейін көрсетеді. Сазды ерітінді қысымының артуына байланысты рұқсат етілген мембранадан 8 тыс сақинаның ішкі диаметрінің

контуры бойынша кесіледі. Ал сазды ерітінді құбырдың 10 көмегімен сыйымдылыққа құйылады.

У8-7МА2 бұрғылау сорабы көтергіш бөлшектердің үлкеюіне және болаттың мықты маркаларын қолдануына байланысты үлкен қысымда жұмыс жасауға арналған. Нәтижесінде сорап габариті үлкейіп, массасы артады. Конструктивтік ерекшелігі шатунның кіші басының қола төлкенің орнына инелі мойынтірегінің крейцкопфте шатунның шағын қалпақшасын орнатуда.

1 Кесте – Екі цилиндрлі бұрғылау сораптарының техникалық сипаттамасы

Сипаттама	У8-6МА2	У8-7МА2
Қуаты, кВт		
Пайдалы	475	750
Жетек	600	900
Поршень саны	2	2
Камера саны	4	4
Поршеннің қосжүріс саны 1 мин-тағы	65	65
Поршень жүрісінің ұзындығы, м	0,4	0,4
Цилиндрлі төлке диаметрі, м		
Үлкен көрсеткіш	0,2	0,2
Кіші көсеткіш	0,13	0,13
Сорап беріліс көрсеткіші, м ³ /с		
Үлкен көрсеткіш	0,051	0,051
Кіші көсеткіш	0,020	0,020
Кривошипті біліктің бір айналым кезіндегі, л		
Үлкен көрсеткіш		
Кіші көсеткіш	46,2 17,3	46,2 20,6
Шығар кездегі қысым, МПа		
Үлкен көрсеткіш	25	32
Кіші көсеткіш	9,6	14,2
Шток диаметрі, мм	70	70
Трансмиссиялық біліктің айналу жиілігі, айн/мин	320	332
Передаточное число редуктора насоса	4,92	5,11
Сорғы редукторының беріліс саны, кН	300	446
Клапан диаметрі, мм	145	145
Құбыр диаметрі, мм		
Сорғыш	275	275
Айдаушы	110	125

2.4 Бұрғылау сорабын монтаждау

Бұрғылау қондырғыларында әдетте екі сорапты бірге жөндейді. Терең ұңғыманы бұрғылауда үш немес одан көп сорапты жөндейді. Бұрғылау жинағына кіретін сораптар саны ұңғыманы жуу және жетектің забойлы қозғалтқыштың гидравликалық қуатын анықтайды. Сораптарды монтаждау арнайы белгіленген аумақта жасалады.

Сораптап әдетте металл негіздеріне орнатылады. Бірақ ағаш білеулерде орнатылған жайғдайлар кездескен. Ағаш білеулер ара қашықтығы 500 мм болатындай топыраққа төселеді. Салмағының үлкен болғанының арқасында оларға арнайы іргетасқа немесе өзге білеулерге бекітуді қажет етпейді.

Сорапты ұзындығы бойынша да, ені бойынша да көлденеңнен тегістей бірдей деңгейде қояды. Ерітіндісі бар сораптарды сұйықтық деңгейі сорғы цилиндрлерінің осінен жоғары болатындай етіп орнатады. Өзге жағдайда сораптың сорапты толтыру коэффициенті төмендеп, беріліс азаяды. Жұмыстың соңғы бөлігінде сорғыш құбырларға фильтр орнатады. Ерітінді деңгейі цилиндр осінен төмен болған жағдайда, кері клапанды да орнату ұсынылады. Сорғыш клапан диаметрі қабылдаушы қорап тесігі диаметрінен кем болмауы тиіс, яғни 250 мм. Ал ұзындығы, гидравликалық кедергіні азайту үшін аз болғаны тиімді. Қондырғыны орнату кезінде құбыр сораптан чанга кішігірім еніс болуы керек.

Штокты жуу үшін сорапқа су құбырына диаметрі 19 мм болатын құбыр жалғайды.

Сыналы біліктерді бірдей ұзындықта таңдаған жөн. Кез келген екі белдіктің арасындағы өзіндік 25 мм-ден үлкен болған жағдайда монтаждау жүргізілмейді. Белдікті беріліс сақтандырғыш кохуж арқылы нұյе бекітілуі тиіс.

Сақтандырғыш клапанның құю тесігін құбырмен сенімді етіп жалғау керек және оны ерітінді тұрған арнайы ыдысқа апару керек.

Сорғыларды гидравликалық байлау жобаға сай келесідей тәртіппен жүргізіледі. Ең алғашында қабылдау құбырларын төсейді. Қабылдау құбырының екінші шетін кері клапанмен жабдықтап, тоқтату кезінде сорғыдан және құбырдан сұйықтықты төгуге кедергі келтіретін және қорғаныш тормен, кері клапан мен сорғы клапаны бөгде заттармен ластанудан сақтайтын жуу сұйықтығы бар ыдысқа жібереді. Бір бұрғылау қондырғысында бірнеше сорғыны әдетте параллельді айдау схемасы бойынша құрастырады. Ол айдау сұйықтығының көлемін арттыра отырып, арынын өзгертпейді.

Бұрғылау қондырғысының типіне және олардың бұрғылау технологиясына байланысты оларды монтаждауда әртүрлі тәсілдер қолданылады. Кей кезде жалпы кестеге қосымша агрегаттарды, механизмдер мен құрылғыларды енгізуге тура келеді. Осыған байланысты айдаушы және сорушы қатарлардың ұтымды кестесін таңдайды.

Бұрғылау сорабын монтаждау келесідей талаптарды орындауы тиіс:

1) Бұрғылау сораптарының айдау желілері максимальді жұмысшы қысымы ұңғыманың геологиялық-техникалық нарядында көзделген сынақтан өте тиіс. Сынақ сораптарды эксплуатацияға жібере алдында және әрбір жөндеуден кейін жүргізіледі. Сынақ қорытындысы акте көрсетіледі. Айдау желілерін бұрғылау сорғыларымен сынауға тыйым салынады.

2) Жөндеу кезінде жалпы айдау желісінен сорапты ажырататын, бұрғылау сорғыларының айдау желілерінде ысырмалар орнату керек. Егерде бұрғылау сораптарының торабында ысырма немесе кері клапан орнатылмаса, онда кез келген сорапты жөндеу алдында қысымын атмосфералық қысымға дейін түсіру керек.

3) Бұрғылау сорғыларының іске қосу ысырмалары қашықтықтан басқарылуы тиіс. Іске қосу ысырмасы жабық болған кезде сорғыларды іске қосуға тыйым салынады.

4) Әрбір бұрғылау сорғысында пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес зауыттық дайындалған сақтандырғыш құрылғы номиналды қысымға монтаждалуы тиіс. Сақтандырғыш құрылғылардың күйін орнату және тексеру жабдықтың техникалық жай-күйі журналдарында тіркеледі.

5) Сақтандырғыш пластиналарды арнайы құрылғыда орнату қажет, жуу сұйықтығымен үнемі шаюды қамтамасыз ететін пластинаның соруын болдырмайтын құрал-жабдықтар. Бұл құрылғы сорғының бекіткішінде ысырманы немесе фильтрді орнатқанға дейін орындалуы және ағызу құбыры болуы тиіс. Құбыр арқылы сақтандырғыш пластина үзілген кезде шаю сұйықтығын қабылдауыш шыныға жібереді. Ағызу құбырын тігінен орнатып, сенімді түрде бекіту керек. Бұл қондырғы Солтүстік айнақтарда жиі қолданылады және осы аймақтарда сақтандырғыш құрылғыларын жылыту қарастырылуы тиіс.

6) Бұрғылау сорабының айдау желісі бойымен манометр орнатылады. Манометр сақтандырғыш құрылғыда жөнделеді, шаю сұйықтығының қоқыстардан тазалап, аспаптың тербеліс көрсеткішін өшіреді.

7) Егер екі немесе одан да көп сорап бір айдау желісі бойымен орнатылған болса, мекемеде барлығына бір ғана манометр қолдануға рұқсат етіледі.

8) Бұрғылау сорабына қызмет көрсету үшін оның айналасына сұйықтықты бұруға арналған науасы бар еден орнатылуы керек.

9) Бұрғылау сораптарына немесе айдау желісінде қысым компенсаторлары орналасуы керек. Компенсатордың жұмысшы қысымы куәлікте көрсетілген максималды жұмысшы қысымнан төмен болмауы тиіс. Компенсатор беті (шырыңқы жерлері, сыртқы жарығы, қисық пісірілген фланец) тегіс болмаған жағдайда оны қолдануға тыйым салынады.

10) Жеке іргетасқа немесе сорапқа орнатылған ауа-гидравликалық компенсаторлар қосымша тартқыштармен бекітілуі керек, олар компенсаторға жалғанып, хомут көмегімен жалғанады.

11) Корпусқа өзге қондырғыларды бекітуге тыйым салынады.

12) Егер компенсатор қысымы куәлікте көрсетілген деңгейден төмен болған жағдайда алдын ала сығылған пневмокомпенсаторды бұрғылау сорабын эксплуатациялауға тыйым салынады.

13) Пневматикалық компенсаторды ауамен немесе инертті газбен толыру, компенсатор қуысындағы май немесе басқа да жанғыш затпен әрекеттесуін жоғалтады. Компенсаторды дайындаған кезде оның ішіндегі ауаны шығарып, компенсатордағы қысымды атмосфералық қысымға дейін төмендетеді. Резеңкелі элементті (виккель) алған кезде ВНИИТБ конструкциясы бөлшектерін қолданған жөн.

14) Пневматикалық компенсатор келесі талаптарды орындауы қажет: а) сығу қысымын өадағалап отыратын құрылғы, б) ауаны толтыру не сығуға арналған сақтандырғыш қалпақша.

15) Бұрғы сорғыларының шығару желілеріндегі жылжымалы шпинделері жоқ ысырмалардың көрсеткіштері «Ашық», «Жабық» [10].

2.5 Сорап бөлшектерінің тозу сипаты

Сораптың тозуын және зақымдануын бақылау кезінде бөлшектердің бұзылуы келесідей 5 негізгі түрде байқалады:

1) Деформация және сыну (тұтқыр сыну, жеңіл сыну, қалдық деформация, шаршау сынығы, байланыс кезіндегі зақымдалу);

2) Механикалық тозу (абразивті тозу, металл тозуы);

3) эрозиялық-кавитациялық зақымданулар (сұйық эрозия, кавитация, газды эрозия);

4) коррозиялық зақымданулар (атмосфера коррозиясы, электроли коррозиясы, газды коррозия);

5) механикалық-коррозиялық зақымданулар (коррозиялық шаршау, үйкелу кезіндегі коррозия, коррозиялық жарылу).

Деформация мен зақымдану материалға өте үлкен қысым бері беру кезінде пайда болады. Материал деформациясы оның түрі мен өлшемі өзгерісінен байқалады.

Механикалық тозу материалдардың үйкелісі нәтижесінде пайда болады. Материалдардың тозуы, олардың жасалуы мен оларды қолдану арқылы байқалады. Тозу интенсивтілігі оларды пайдалану арқылы пайда болады.

